



«БЕКІТІЛДІ»

КМҚК «Гүлдәурен-7»
бөбекжай-бақшасы
директоры: К.С.Астаева

23 ақпан 2023 жыл

«КЕЛІСІЛДІ»

«Jas Niet» қоғамдық қорының
төрағасы: Т.А.Умаров

23 ақпан 2023 жыл

**КМҚК «Гүлдәурен-7» бөбекжай-бақшасы бойынша қамқоршылық
кеңесінің іс-шара жоспары.**

№	Жүргізілетін жұмыстар мазмұны	Уақыты	Жауапты	Қатынасушылар
1.	1. Кеңес мүшелеріне қамқоршылық кеңесінің ережесімен қосымша танысы отырып, ұйымдастыру жұмыстарының жаңа жоспарымен таныстыру. 2. КМҚК «Гүлдәурен-7» бөбекжай-бақшасы бойынша қамқоршылық кеңесінің іс-шара жоспарын бекіту	Ақпан	Бөбекжай меңгерушісі К.Астаева Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.А.Умаров	Бөбекжай әкімшілігі, кеңес мүшелері
2.	1. 2022-2023 оқу жылы бойынша білім беру ұйымының жылдық қорытынды есебі туралы. 2. Жазғы шынықтыру-сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру.	Мамыр	Қамқоршылық кеңесінің мүшесі, бөбекжай меңгерушісі К.Астаева, Бөбекжай медбикесі Н.Сюнгадиева	Бөбекжай әкімшілігі, кеңес мүшелері
3.	1. Мектепке дейінгі ұйымдардағы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау. (бөбекжайға бала қабылдаудың жаңа өзгерісі туралы) 2. 2022-2023 оқу жылына арналған бөбекжайдың тәрбие жұмыс жоспарының жобасымен, қойылған мақсат, міндеттерімен танысу.	Тамыз	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.А.Умаров Бөбекжай директоры К.С.Астаева	Бөбекжай әкімшілігі, кеңес мүшелері
4.	1. Бөбекжай директоры К.Астаева, білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы бойынша есебі. 2. Қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы төраға есебі.	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.А.Умаров Бөбекжай директоры К.С.Астаева	Бөбекжай әкімшілігі, кеңес мүшелері

Орындаған: С.Алиева

**КМҚК «Гүлдәурен-7» бөбекжай-бақшасы бойынша өткізілген
қамқоршылық кеңесі отырысының
№1 хаттамасы**

Өткізілген күні: 23.02.2023 жыл

Қатысқандар:

Бөбекжай меңгерушісі К.Астаева, бөбекжай әдіскері С.Алиева, бөбекжай психологы Г.Усенова, қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Табылдиев.Қ, Иманғалиева.Ж, Айсина.И, Умаров.Т, Тагатова. С, Кушенова. А, Мағауина. А, Кабдирова. Ж, Каримова. Н.

Күн тәртібі:

1. Кеңес мүшелеріне қамқоршылық кеңесінің ережесімен қосымша танысы отырып, ұйымдастыру жұмыстарының жаңа жоспарымен таныстыру.
2. КМҚК «Гүлдәурен-7» бөбекжай-бақшасы бойынша қамқоршылық кеңесінің іс-шара жоспарын бекіту

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, бөбекжай меңгерушісі К.С.Астаева бөбекжайда ұйымдастырылған «Қамқоршылық кеңесінің» жұмыс мазмұнымен таныстыра отырып, «Қамқоршылық кеңесінің» жұмысы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілгендігін және осы бұйрықты негізге алып, жұмыстарымызды жалғастырып отыруымыз керектігін және жалпы ережелеріне тоқтала келіп, жалпы түсінік беріп өтті.

Сөйлеу:

Айсина И.- кеңес мүшесі: - Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру ержелерімен жылда жалпы таныстырып отырасыздар, мәліметтер алып, түсініктеріміз кеңейеді жаңа жұмыстардың жүруіне өзіндік пікірлерімізді қосып отырамыз –деп пікір білдірді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңестің төрағасы Т.Умаров: - 2023 оқу жылына арналған бөбекжайдың жұмыс жоспарымен, қамқоршылық кеңес мүшелеріне таныстырып өтті. Жасакталған жоспар бойынша кеңес мүшелерінен қосымша өз пікірлерін білдірулеріне сауал тастады.

Сөйлеу:

Мағауина А.-кеңес мүшесі: - Қамқоршылық кеңестің төрағасының жоспарлаған жұмысымен танысып отырмыз, қамтылған мәселелерге, іс-шара жоспарының бекітілуіне келісетіндігін айтты.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жазылған мәселелер бойынша іс-шаралар жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Бөбекжайда ұйымдастырылған «Қамқоршылық кеңесінің» жұмысы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы туралы білімдерін толықтырып, түсініктерін кеңейтіп отыру.

2. Қамқоршылық кеңесінің іс-шара жұмыс жоспары бекітіліп, жұмыстар жүргізілсін.


Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Умаров.Т.А

Мүшелері:


Табылдиев Қ.



Қабдирова Ж.



Каримова Н.



Тагатова С.



Айсина И.



Кушенова А.



Магауина А.



Имангалиева Ж.



Хатшы:



Алиева С.

**КМҚК «Гүлдәурен-7»
қамқоршылық кеңесі отырысының
№ 2 хаттамасы**

29.05.2022 жыл

Қатысқандар:

1. Астаева К.С- бөбекжай меңгерушісі,
2. Алиева С - бөбекжай әдіскері,
3. Усенова Г – бөбекжай психологы
4. Сюнгалиева Н- бөбекжай медбикесі
5. Умаров.Т.А- қамқоршылық кеңесінің төрағасы
6. Мүшелері:
Табылдиев.К.Т, Имангалиева.Ж.Т, Айсина.И.К, Мағауина А.У, Кабдирова
Ж.А Кушенова А.С Тағатова С.Ж, Каримова Н.З

Күн тәртібі:

1. 2022-2023 оқу жылы бойынша білім беру ұйымының жылдық қорытынды есебі туралы.

Жауапты: Астаева К.С

2. Жазғы шынықтыру-сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру.

Жауапты: Н.Сюнгалиева

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, бөбекжай меңгерушісі К.Астаева 2022-2023 оқу жылы бойынша жасалынған жұмыстар есебін берді. Бөбекжайда әр оқу жылында алынған міндеттерге сәйкес жоспар жасақталатындығын және осы жоспар мақсатқа жетуде педагогикалық кеңестер, семинарлар, ата аналармен тренингтер, балалармен мерекелік шаралар өткізілгендігін. Жыл бойына аудандық, республикалық маңызы бар шарларға тәрбиеші педагогтардың балаларды қатыстырып бейне роликтердің дайындалуы, жіберілуі сапалы болуына мән беріледігін айта келе, жасалып жатқан жұмыстардың нәтежесінде Алғыс хаттар мен Дипломдар иеленіп, марапатталып жатқандығын баяндап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, бөбекжай медбикесі Н.Сюнгалиева сөз алып, 2023 жылдың жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының жұмыс жоспарын медбике Н.Сюнгалиева мен әдіскері С.Алиева келісе отырып, жасалғандығын айта келіп, жоспармен таныстырды. Сонымен қатар, жазғы

сауықтыру-шынықтыру шараларының жұмыс жоспары бойынша толық жұмыс жасау тәрбиешілердің міндеті екенін, күнделікті жұмыс барысы қадағаланып, сұралып отыратындығын, бұл мәселе бойынша жазғы жұмыстардың ішінде ауа райының қолайсыздығын қатаң бақылау, (қатты жел, шаң, ыссылық т.б) серуенді дұрыс өткізу, мүмкіндігіне қарай спорттық ойындарды түрлерімен жарыстар өткізу мен балаларды жуындыру мәселелерін ұқыптылықпен қолға алу, ата-аналармен бірлесе отырып жан-жақты қауіпсіздік ережелерін сақталып, қадағаланатындығын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді:

Умаров Тимур- қамқоршылық кеңесінің төрағасы: - Бөбекжайдағы қандай да болмасын жалпы жүргізіліп жатқан жұмыстарға көңілі толатындығын, жоғарыда Куляш Сабенқызының қорытынды баяндамасында көсетілген ата-анамен балалармен өткізіліп жатқан түрлі шараларды Facebook парақшаларынан, YouTube каналдарынан көріп тамашалап отыратындығын. Жұмыстарға қанағаттанатындығын айта келіп, жазғы сауықтыру жұмыстары бойынша бөбекжай медбикесі Н.Сюнгалиеваның жоспары бойынша айтылған мәселелердің құнды екенін, жоспарлаған әр жұмыстардың алға қарай да жалғасын тауып жақсы- жақсы жетістіктерге жете беруге тілегін білдірді.

Тагатова Суйіндім - кеңес мүшесі: -Бөбекжайдағы қандай да болмасын жалпы жүргізіліп жатқан жұмыстарға көңілі толып, қанағаттанатындығын айта келіп, әр кезде баланың қауіпсіздігі өте жауапты болғандықтан, ұжым басшысына, педагог тәрбиешілерге, медбикеге жұмыстарына жұмыстарына сәттілік тіледі.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрағасы Умаров Тимур қорытындылады:

- Жалпы бөбекжайдағы бүгінгі күні баяндалып отырған жұмыстар мен мәселелер бойынша жұмыстарға оң баға бере келіп, бөбекжайдағы қай жұмыстың да өте жауапты екенін және өз тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселе талқыланып, шешім қабылданды:

1. Жыл бойына жасалған тәрбие мен оқыту іс шаралар жоспары өз деңгейінде жоспарланған деп есебін тыңдай келе, «қанағаттанарлық» деп есептелсін.

2. Жазғы сауықтыру жұмыс жоспары бойынша, сауықтыру-шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың қауіпсіздігі сақталып, жауаптылықпен қадалансын.


Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Умаров.Т.А

Мүшелері:


Табылдиев Қ.



Қабдирова Ж.



Каримова Н.



Тагатова С.



Айсина И.



Кушенова А.



Магауина А.



Имангалиева Ж.



Хатшы:



Алиева С.